

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БІЛУІ ТИІС ЗІКІРЛЕР МЕН ДҰҒАЛАР

7628 рет оқылған



Ақ некені қидырып, бір-біріне «ауыр серт» берген ер мен әйел ең алғашқы күннен-ақ екі дүниеде бақытты болудың жолын іздейді. Шаңырақтың баянды болуын, ортадағы сүйіспеншілік пен сыйластықтың сарқылмауын місе тұтады. Мұның кілті – Жаратушымен болған жақсы қарым-қатынаста. Себебі, барлық істің Басқарушысы – Алла, жүректердің Иесі – Алла. Ер мен әйел Аллаға жақындаған сайын бір-біріне жақындайды.

Ал зікір (Алланы еске алу) – құл мен оның Раббысының қарым-қатынасын реттеуші үлкен құлшылық. Әбу Һурайрадан жеткен хадисте: «Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): **«Өзгелерді жалғыз қалғандар басып озды»**, - деген екен. Одан: «Жалғыз қалғандар кімдер?»,-деп сұралғанда: «Алланы көп еске алушы ерлер мен әйелдер», - деп жауап берген (Муслим). «Адамдар Алланы еске алып отырғанда, оларды міндетті түрде періштелер қоршап алады және оларды мейірім қоршайды, оларға тыныштық түседі және Алла Тағала да оларды Өзінің алдындағылардың арасында еске алады» (Муслим).

Сен Алланы еске алсаң, Ол сені еске алады! Зікірдің құндылығын жеткізу үшін осы сөздің өзі әбден жеткілікті! Өлемдердің Раббысының есінде болудан артық қандай дәреже бар?! Ендеше, отбасы тыныштығының ұйытқысы болатын төмендегі дұғалар мен зікірлерді кәдеңізге жаратыңыз.

Үйленгенде айтатын дұға

«Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) «Егер сіздерден әлдебіреу үйленсе немесе қызметші жалдаса, былай десін: «Я, Алла! Расында, мен Өзіңнен оның игілігін әрі Сен оны не үшін жаратқан болсаң соның игілігін сұраймын және оның кесірінен Өзіңе сиынамын!» «Аллаһуммә, инни әс-әлукә хайра-һә уә хайра мә жәбәлтә-һә ‘аләйһи уә ә’узу бикә мин шәрри-һә уә шәрри мә жәбәлтә-һә ‘аләйһи!»

Үйленген кісіге айтатын дұға:

«Бәрака-Ллаһу ләкә, уә бәракә ‘аләйкә, уә жәмә’а бәйнәкумә фи хайр!»

«Алла саған береке берсін және саған береке жаудырсын, әрі сендерді жақсылықта біріктірсін!»

Жыныстық қатынасқа түсердің алдында айтылатын дұға

Баланы тіл-көз және шайтанның кесірінен сақтағысы келген адам бала пайда болмаған кезден амал жасауы қажет. Ибн Аббастың сөздерінен Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: «Егер сендерден әлдебіреуің әйелімен жыныстық қатынас жасағысы келіп: «Алланың атымен. Я, Алла, бізді шайтаннан аулақ ет және Сенің бізге беретініңнен де (баладан) шайтанды аулақ ет», - деп айтса, әрі (сол) ерлі-зайыптыларға балалы болу нәсіп етілсе, шайтан ешқашан оған зиян тигізе алмайды”.

«Бисми Лләһи, Аллаһуммә, жәнниб-на-ш-шайтана уә жәнниби-ш-шайтана ма разақта-на».

Перзент сұрайтын дұға

Зәкәрия Пайғамбардың дұғасы: «Раббым! Маған Өз тарапыңнан бір игі ұрпақ сыйла. Анығында, Сен – тілекті Естушісің» («Әли Имран» сүресі, 38-аят).

«Рабби хаб ли минләдунка зуррийатан тайибәтан иннәкә сами уддуаа»

Салихалы әйел мен бала сұрайтын дұға

«Раббымыз! Жұбайларымызды және ұрпақтарымызды көзіміздің қуанышы ет әрі бізді тақуалардың (Өзіңе бойсұнып, жазадан қорқып, сақтанғандардың) алды ете гөр!».

«Роб-бә-нәә һәб-лә-нәә мин әз-уәә-джи-нәә уә зур-ри-иәә-ти-нәә кур-ро-тә әь-иу-ниу уәдж-хәл-нәә лил-мут-тә-қии-нәә-и-мәә-мәә»

Салихалы ұрпақ сұрайтын дұға

«Раббым! Мені және ұрпағымды намазды (барлық шарттарын сақтап, беріле) толық орындаушы ет. Раббымыз! Тілегімді қабыл ал!» («Ибраһим» сүресі, 40-аят).

«Роб-бидж-ъал-нии му-қиимәс со-лә-тии уәмиң зур-ри-иәтии раббәнә уә-тәқаббәл ду-ъәә-и»

Қырсық әйелдің, жаман достың кесірінен Аллаға сыйыну

Әбу Һурайра (Алла оған разы болсын) былай дейтін: «Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) дұғаларының қатарында мына (дұға) да бар еді: «Я, Алла, ақиқатында, мен Сенен жаман көршіден, оның (кесірінен) шашым уақытысынан бұрын ағарып кететін әйелден, үстімнен би болатын баладан, мен үшін азапқа айналатын дүниеден, көзі мені көретін, ал жүрегі аңдып отыратын, әрі егер ол менен бір жақсы нәрсе көрсе, жасыратын, ал егер менен жаман нәрсе байқаса, жарияға жар салатын достан пана сұраймын» (Табарани) (Аллаһумма инни а‘узубика мин жәри ссу-и, уа мин зәужин тушайибуни кьаблә-л-мәшиб, уа мин уаләдин яқуну ‘аләйа раббан, уа мин мәлин яқуну ‘аләйа ‘азабан, уа мин халилин мәкирин ‘айнуху тарани уа қалбуһу яр‘ани ин ра-а хасанатан дафанаһа, уа изә ра-а сайиатан аза‘аһа).

Баланы барлық жамандықтан сақтауды сұрайтын дұға

Бұл дұғаны дем салудан кейін, бала сыртқа шығарда, қонаққа барғанда, кез келген уақытта жамандықтан Алладан пана сұрау үшін оқыңыз:

Ибн Аббастан (Алла әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «*Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Хасан мен Хусейнді пана сұратып: «Шын мәнінде сендердің бабаларың (Ибраһим) мұнымен Исмаил мен Исхақты пана сұрататын: «Әбузу би кәлимәтилләһит тәммә, мин кулли шайтанин уә һәммәһ, уә мин кулли ғайнил-ләммәһ (Әрбір шайтаннан және улы жәндіктерден, сондай-ақ әрбір сұқ көзден Алланың кәміл сөздерімен пана сұраймын)» деп айтатын»*, -деген. (Бұхари).

Ер адамның өз отбасы мүшелері ауырған кезде дем салуы

Айшадан (оған Алла разы болсын): «*Алла Елшісі ﷺ біреуіміз ауырсақ, оны оң қолымен сипап: «Әзһибил-бә’сә, Раббән-нәс(и), уәшифи, Әнтәш-Шәфи, лә шифә’ә иллә шифә’укә, шифә’ән лә йуғадиру сақама(и) (Дертті кетір, адамдардың Раббысы! Шипа бер, Сен – шипа берушісің, Сенің шипаңнан басқа шипа жоқ. Ауруды қалдырмайтындай шипа бер)»*, – деп айтатын.

Айшадан (оған Алла разы болсын). Алла Елшісі ﷺ: «*Әзһибил-бә’сә, Раббән-нәс(и), бийәдикәш-шифә(у), лә кәшифә ләһу иллә Әнт(ә) (Дертті кетір, адамдардың Раббысы! Шипа Сенің қолыңда, Сенен өзге оны кетіруші жоқ)»* (деген) сөзбен дем салатын (Муслим).

Алладан жан байлығын әрі материалдық байлықты сұрайтын дұға

Ибн Масғұд (оған Алла разы болсын) Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жиі айтатынын

естіген:

«Я, Алла, расында, мен Сенен Сенің басшылығыңды, тақуалықты, (күнәдан жаман қылықтардан) пәктікті және байлықты сұраймын». (Муслим)

(Аллаһумма, инни асәәлюкаль-Һуда, уа туқа, уаль-ѡафафа уальғина)
Жоқшылықтан, ауру-сырқаудан сыйыну

Я, Алла! Тәніме саулық бер! Уа, Алла! Естуіме саулық бер! Уа, Алла! Жанарыма саулық бер! Сенен басқа ешбір құдай жоқ. Уа, Алла! Мен күпірлік пен жоқшылықтан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Сондай-ақ қабір азабынан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Сенен басқа ешбір Құдай жоқ.

«Аллаһумма ѡафини фи бәдәни, Аллаһум- мә ѡафини фи сәмъи, Аллаһумма ѡафини фи бәсари, лә иләһә иллә әнт. Аллаһумма инни әбузу бикә минәл-куфри уәл-фәқри, уә әбузу бикә мин ѡазәбил-қабри, лә иләһә иллә әнт».

Кедейліктен, жаман мінезден сыйыну

Я, Алла! Менің дінімді дұрыс, үйімді кең, ризығымды берекелі қылғайсың. Уа, Алла! Қатыгездіктен, бейқамдықтан, қорлықтан және

кедейліктен Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Уа, Алла! Кәпірліктен, пасықтықтан, мақтаншақтықтан, сұмғадан және риядан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын. Уа, Алла! Керең, сақау, алапес болуымнан және жаман аурулардан Өзіңе сыйынып, пана сұраймын.

«Аллаһумма әслих ли дини уә уәссиъ ли дәри, уә бәрик ли фи ризқи. Аллаһумма инни әбузу бикә минәл-қасуати уәл-ғафләти уәз-зулләти уәл-мәскәнәти, уә әбузу бикә минәл-куфри, уәл-фусуқи уәш шикақи уәс-сумъати уәр-рия-и уә әбузу бикә минәс-сумми уәл-букми уәл-жузәми уә сәи-йил-әсқам».

Ризық сұрау

Я, Алла! Көбейте гөр, кемітпе, сыйлы қыл да, бейшара қылма, бере гөр де, тыя көрме, бізді таңда да, құр қалдырма. Уа, Алла! Барлық істерімнің соңын жақсарт. Дүние қорлығынан және ақырет азабынан құтқар.

«Аллаһумма зиднә уә лә тәнқуснә, уә әкримнә уә лә туһиннә, уә аътһйнә уә лә тәхримнә, уә әсирнә уә лә ту-әссир ѡаләйнә. Аллаһумма әхсин ѡақибәтәнә фил-умури куллиһә, уә әжирнә мин хизид-дуния уә ѡазәбил-әхира».

Базарға кіргенде айтатын дұға

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Кімде-кім базарға келіп: **«Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ, Ол жалғыз және Оның серігі жоқ. Мүлік Оған тән және Ол барлық мақтауға лайық. Ол өлтіреді және тірілтеді, ал Өзі ешқашан**

өлмейтін тірі. Жақсылық Оның қолында және Оның күш-күдіреті барық нәрсеге толық жетеді» деп айтса, Алла оған миллион істің сауабын жазады және оның бойындағы миллион күнәні кешіреді, оны миллион баспалдаққа көтереді және Жәннаттан үй тұрғызады деген.

«Лә иләһа илләллаһу уахдаһу лә шәрика ләһу. Ләһул-мулку уә ләһул-хамду, йухйи уә йумит, уә һууә Хаййун лә йәмут, биядиһил-хайр, уә һууә ьалә кулли шәй-ин қадир» (Тирмизи, Ибн Мәжаһ).

Барлық жамандықтан қорғануға жеткілікті болатын екі аят

Әбу Масуьуд Әл -Бадриден Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): "Кім түнде (жатарда) «Бақара» сүресінің ең соңғы екі аятын оқитын болса, ол оған жеткілікті болады» деген. (Бұхари, Муслим)

Имам ан-Науауи (оған Алла разы болсын) осы хадис туралы: «Бұл оған түнімен намаз оқығанның сауабын алмастыруға жеткілікті, немесе түнімен шайтанның кесірінен сақтануға және барлық жамандықтан сақтануға жеткілікті» деген (Муслим).

Адамды уайымнан құтқарып, кешке дейін қорғап жүретін әрі шайтанды шарасыз күйге түсіретін дұға

Әнастан (оған Алла разы болсын) Алланың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Кімде-кім үйден шығарда: «Алланың атымен Аллаға тәуекел еттім. Алланың күш қуатынан асқан ешқандай күш қуат жоқ» (БисмиЛләһ, тауаккальту 'әлә-Ллаһ, ла хаулә уә лә кьуууата иллә биЛләһ) десе оған: «Сен тура жолдасың, құтылдың әрі қорғаулысың» деп айтылады. Сол кезде шайтан ол адамнан қашады да басқа шайтанға барып: «Сен тура жолдағы, құтылған әрі қорғалған адамға не істей аласың?» деп айтады» деген. Осы хадистегі "құтылды" деген сөз туралы ғалымдар: «Ол адам, адамға екі дүиеде уайым салатын нәрсенің бәрінен құтылады» деген (Әбу Дәуд)

Ыдыс-аяқтың бетін жауып жүріңіздер

Жәбир жеткізген хадисте Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Егер түн болса» (немесе «түн келсе»),-деп әңгімесін бастап әрі қарай «балаларыңызды жатқызыңыздар, себебі сол кезде шайтан өріп кетеді. Түннің бір сағаты өткеннен кейін балаларды демалдырып, есіктің ілмешегін іліп, Алланың есімін аузыңа ал. Сосын шамды өшіріп, тағы да Алланың есімін аузыңа ал. Қапшықтың аузын кымтап, Алланың есімін аузыңа ал. Ыдыстың бетін жауып, Алланың есімін аузыңа ал. Тіпті бұл амалды орындауға бір нәрсе бөгет болса да оны орындау керек» -дегені риуаят етілген.

Хадиске сай, кешке аузы ашық ыдыстарды жауып жүріңіз. Аузы жабылмайтын ыдысқа зат салсаңыз, не ұмытып кетсеңіз, үстіне қолыңызды қойып, «**Бисмилләһ**» деп айтыңыз.

Көлік апатынан қорғанудың 2 әдісі

Ең маңыздысы – Аллаға тәуекел ете білу, істі тапсыру. Рөлге отырғанда «Бисмилләһ» сөзін айтамыз және Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) көлікке мінгенде айтқан дұғасын ауызға аламыз:
«Субхаанәл-ләзии сәххара ләнәә һәәзәә, уә мә куннәә ләһуу муқринийн. Уә иннәә иләә раббинәә ләмунқалибуун» («Зухруф»,13-аят).

Мағынасы: «Бізге мұны бағынышты еткен Алла пәк. Әйтпесе, біз оның маңына жуи алмас едік. Сөзсіз біз Жаратушы иеміз жаққа қайтып барамыз».

Бұл – жеткіліксіз. Алладан көмек сұрап қана қоймай, жол жүру ережесін жақсы меңгеру қажет. Себебі, дұғаны айтқаннан кейін ойға келгенді жасай беру деген ұғым жоқ. Аллаға мақтау айтып, пана сұраймыз, тәуекел етеміз, содан кейін жол ережесін сақтайтын болсақ, Алла қаласа, барлық жамандықтан аман болмақпыз.

Қиындықтар мен кедейліктен құтылудың жолы

Әйел мен еркек Аллаға жақындаған сайын бір-біріне жақындайды. Ал Аллаға жақындаудың ең бірінші қадамы – парыз амалдарды кемеліне келтіріп орындау, құлшылыққа ыждағаттылық таныту.

Әбу Һурайрадан (Алла оған разы болсын) Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Алла Тағаланың сөзін жеткізіп: «Ей, адам баласы, Маған құлшылық етуге уақыт бөл. Мен сенің жүрегіңді байлыққа толтырып, сені кедейліктен сақтаймын. Ал егер бұны жасамасаң, жұмысыңды көбейтемін де, сені кедейліктен құтқармаймын», - деген (Тирмизи).

Құран оқыған адамдар періштелердің қоршауында қалады!

Алланы еске алудың (зікірдің) ең үлкені – Құран. Ал бірге Құран оқып, Алланы еске алып отырған әйел мен еркек, қандай ғажап! Олармен бірге балалары да Алланың сөзін қайталап отырса тіптен тамаша емес пе? Мұндай отбасы тыныштыққа бөленеді екен және Алла оларды еске алады!

Хадисте: «Қай уақытта болмасын, адамдар Алланың үйлерінің бірінде жиналып, онда Алланың Кітабын оқыса, оларға әлбетте тыныштық түседі (орнайды), сондай-ақ оларды мейірім орап, оларды (жан-жақтарынан) періштелер қоршайды және Алла оларды, Өзінің алдарындағылардың ішінде еске алады» делінген (Муслим).

Алланы еске алушы ер мен әйелге кешірім мен сый бар!

Түнгі намаз – әйел мен ерді Аллаға жақындатушы. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Түнде ұйқысынан тұрып намаз оқыған және әйелін оятқан, егер де, ол тұрмаса бетіне су сепкен адамға Алла рақым етсін! Түнде ұйқысынан тұрып намаз оқыған және күйеуін оятқан, егер де, ол тұрмаса бетіне су сепкен адамға Алла рақым етсін!» деген. (Әбу Дәуіт). Келесі бір хадисте: «Егер адам түнде өзінің әйелін оятып, сосын бірге намаз оқыса олар Алланы еске алушы еркектер мен әйелдердің қатарында жазылады» делінеді. (Әбу Дәуіт).

Алла Өзін еске алған (зікір еткен) ер мен әйел туралы: «... Алланы көп еске алушы ерлер мен Алланы көп еске алушы әйелдерге Алла кешірім әрі ұлы сый дайындады» («Азхаб» сүресі, 35-аят) деген болатын.

Намаз – отбасының ең ұлы қорғаны!

Алла Тағала былай деді: «Үй-ішінді намазға бұйыр және өзің де оны сабырлықпен орында. Біз сенен ризық тілемейміз. Өткені Біз Өзіміз сені ризықтандырамыз. Соңғы табыс тақуалықта» («Та Һа» сүресі, 132-аят). Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: «Балаларыңа жеті жастан бастап намаз орындауды бұйырыңдар, ал он жастан бастап оқымаса, оларды осы үшін ұрыңдар, әрі оларды ұйқыға бөлек жатқызыңдар» (Ахмад, 2/180; Абу Дауд, 495). Намаз – барлық арсыздықтан тыюшы, тілек тілеудің көпірі. Яғни, намаз оқитын балаңыз, Алланың қорғауында болып, түрлі бұзақылықтардан аулақ жүреді, тазалықты сақтайды, лас жерден аулақ болады. Алла Тағаладан намазда тілек тілеп, армандары мен мақсаттарына қол жеткізеді.

www.asylarna.kz